

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v107.i4.019>**Н. Нұртазина<sup>1\*</sup>**, **Е. Қартабаева<sup>1</sup>**, **Н.Сабырғалиева<sup>2</sup>**<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup> Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Орал қ.

\*e-mail: nazira.nurtazina@mail.ru

## **ХІХ Ғ. АЯҒЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕГІ ДІНИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ РӨЛІ (этнографиялық, далалық материалдар негізінде)**

ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы қазақ халқының рухани тарихында елеулі орын алған, халық арасында дәстүрлі ислам құндылықтарын уағыздаумен айналысқан, мешіт, медресе, мектеп салып, қазақ халқының рухани-ағарту саласында қызмет атқарған діни тұлғалардың рөлі отандық тарих ғылымында әлі де жете зерттелмеген. Ресей империализмінің отаршылдық саясатын ары қарай жалғастырған Кеңес билігі кезінде қазақ жеріндегі діни тұлғалардың жойқын репрессия құрбанына айналуын тек жалпы атеизм саясатымен ғана түсіндіруге болмайды. Оның шынайы себептері бұл діни қайраткерлердің ұлттық кодты сақтаудағы орнымен байланысты болса керек. Халық арасында аса жоғары беделге ие болған ишан, хазырет, қалпе, молдалардың көзін жоймай ұлттың рухын жаныштап, «қызыл империяға» толық бағынышты, салт-санасынан, ұлттық бет-бейнесінен айрылған тобырға айналдыру мүмкін еместігін большевиктер жақсы түсінді. Сол себепті бұл дәуірдегі діни тұлғалардың ұлттық мүдде жолындағы қызметін, діни тағылымдарын кеңінен зерттеу, зерделеу отандық тарих ғылымындағы аса өзекті мәселелердің бірі саналады.

Отандық ғылымда бұл бағытта зерттеулер енді ғана қолға алына бастады және тек кейбір жекелеген тұлғалар мен жекелеген аймақтар бойынша, шектеулі түрде жүргізілуде. Әлі күнге дейін өз зерттеушісін таппаған, зерттеу нысанына айнала алмай жатқан діни тұлғалар жеткілікті. Мақала авторлары далалық этнографиялық материалдарды ғылыми айналымға енгізе отырып, отандық ғылымдағы осы өзекті мәселенің зерттелуіне өзіндік үлес қосуды мақсат етіп қойды. Зерттеудің методологиялық негізіне келсек, Қазақ даласындағы исламның даму формаларын, дәстүрлі ислам тұлғалары қызметін анықтау үшін пәнаралық әдіс және «аймақтық ислам» теориясы пайдаланылды. Бұл арқылы әр аймақтағы дәстүрлі мәдениеттің түрлілігін, ерекшелігін байқауға болады әрі исламның жергілікті формалары теңқұқылы деген ой-тұжырым негізге алынады.

**Түйін сөздер:** дәстүрлі ислам, діни тұлғалар, рухани тәрбие, мешіт, медресе, мектеп.

N. Nurtazina\*<sup>1</sup>, N. Sabyrgalieva<sup>1</sup>, E. Kartabayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>West Kazakhstan State University named after Utemisova, Kazakhstan, Uralsk

\*e-mail: nazira.nurtazina@mail.ru

### **The role of religious leaders in the spiritual life of the Kazakh people in the late 19th – early 20th centuries (based on ethnographic, field materials)**

The history of religious figures of the late XIX – early XX centuries, who played a significant role in the spiritual history of the Kazakh people, preached traditional Islamic values, built mosques, madrasahs, schools and worked in the field of spiritual education of the Kazakh people has not yet been sufficiently studied in the national historical science. The policy of atheism alone cannot explain the fact that religious leaders in the Kazakh land became victims of merciless repression in the first years of Soviet power, which continued the colonial policy of Russian imperialism. The real reasons for this are probably the role of these religious leaders in preserving of the national code. The Bolsheviks understood that it was impossible to suppress the spirit of the nation and turn it into a mass completely subordinate to the “red empire”, without losing national identity, without destroying the Ishans, Hazrat, Kalpe and mullahs, who had a powerful influence among the people. Therefore, one of the most important tasks of historical science is an extensive study of the history of religious leaders who worked in the field of the spiritual education of the nation.

Research in this area in domestic science is just beginning and is being conducted in a limited way, researching only famous religious figures or local areas. There are still many religious figures who have not found their researcher and have not been able to become the subject of research. The authors of the article strive to make their contribution to the study of this topical problem in Russian science by introducing field ethnographic materials into scientific circulation. As for the methodological basis of the research, the interdisciplinary method and the theory of “regional Islam” were used to determine the forms of development of Islam in the Kazakh steppes, the activities of traditional Islamic figures. Thus, we observe the diversity and uniqueness of traditional culture in each region and the idea of equality of local forms of Islam.

**Key words:** traditional Islam, religious leaders, spiritual education, mosque, madrasah, maktab.

Н. Нуртазина<sup>1\*</sup>, Е. Картабаева<sup>1</sup>, Н. Сабыргалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Западно-Казахстанский государственный университет им. Утемисова, Казахстан, г. Уральск

\*e-mail: nazira.nurtazina@mail.ru

**Роль религиозных деятелей в духовной жизни казахского народа  
в конце XIX – начале XX века  
(по этнографическим, полевым материалам)**

История религиозных деятелей конца XIX – начала XX века, сыгравших значительную роль в духовной истории казахского народа, проповедовавших традиционные исламские ценности, строивших мечети, медресе, школы, трудясь в сфере духовного просвещения казахского народа, еще недостаточно изучена в отечественной исторической науке. Одной лишь политикой госатеизма нельзя объяснить тот факт, что религиозные деятели на казахской земле стали жертвами беспощадных репрессий в первые годы советской власти, которая продолжала колониальную политику российского империализма. Глубинными причинами этого, вероятно, является роль этих религиозных деятелей в сохранении культурного кода нации. Большевики понимали, что невозможно подавить дух нации и превратить ее в массу, полностью подчиненную «красной империи», без потери национальной идентичности, без уничтожения ишанов, хазретов, калпе и мулл, имевших огромный авторитет среди народа. Поэтому одним из важнейших задач исторической науки является всестороннее изучение истории религиозных деятелей, внесших вклад в духовное воспитание народа.

Исследования в этой области в отечественной науке только начинаются и ведутся отрывочно, ограничиваясь наиболее популярными религиозными деятелями или отдельными областями. Имеется еще немало религиозных фигур, которые не нашли своего исследователя, не стали пока предметом изучения. Авторы статьи стремятся внести свой вклад в изучение этой актуальной в отечественной науке проблемы, вводя в научный оборот полевые этнографические материалы. Что касается методологической основы исследования, то междисциплинарный метод и теория «регионального ислама» были использованы для определения форм развития ислама в казахских степях, деятельности традиционных исламских деятелей. Таким образом, мы констатируем разнообразие и уникальность традиционной культуры в каждом регионе и идею равенства местных форм ислама.

**Ключевые слова:** традиционный ислам, религиозные деятели, духовное образование, мечеть, медресе, школа.

## Кіріспе

Халқымыздың отаршылдық тұсында өзінің ұлт ретіндегі болмысын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтап қалуына ғасырлар бойы ұстанып келген ислам құндылықтары тікелей ықпал етті десек қателеспейміз. Кең байтақ қазақ даласында дәстүрлі ислам құндылықтарын уағыздаумен дін ғұламалары мен діни-ағартушы ұстаздар айналысты. Ресей империализмінің отаршылдық саясатын ары қарай жалғастырған Кеңес билігі кезінде қазақ жеріндегі діни тұлғалардың жойқын репрессия құрбанына ай-

налуын тек атеизм саясатымен ғана түсіндіруге болмайды. Оның шынайы себептері бұл діни қайраткерлердің халықтың, ұлттың рухын тәрбиелеудегі орнымен байланысты болса керек. Халық арасында аса жоғары беделге ие болған ишан, хазірет, қалпе, молдалардың көзін жоймай ұлттың рухын жаныштап, «қызыл империяға» толық бағынышты, ұлттық бет-бейнесінен айрылған тобырға айналдыру мүмкін еместігін большевиктер жақсы түсінді. Сол себепті аталмыш дәуірдегі діни тұлғалардың ұлттық мүдде жолындағы қызметін, діни тағылымдарын кеңінен зерттеу, зерделеу отандық тарих

ғылымындағы аса маңызды, өзекті мәселелердің бірінен саналады.

Діни тұлғалар халықты имандылық пен ізгілікке шақырып, ислам дінін нығайтуға және ұлт мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфти, т.б. діни атағы бар ел есінде сақталған тұлғалар туралы ауызша тарих жадтары мен шежірелер немесе сол кезеңнің мерзімді басылымдары мен мұрағат құжаттарындағы деректер, ұрпақтарының берген ауызша мәліметтері сияқты ақпараттар құнды мағлұмат бола алады. Алайда, соған қарамастан қазіргі таңда отандық тарихнамада дәстүрлі ислам діні өкілдерінің рухани қызметін зерттеу кенжелеп қалғанын мойындау керек. Кәсіби тарихшылар мен дінтанушылар өткен тарихымызды жасайтын тек зиялы интеллигенция өкілдері, саясаткер, хан, батыр, ақын, философ, өнертанушы ғана емес, сондай-ақ тарих субъектілері ретінде дәстүрлі ислам өкілдері екендігін де ескеруі қажет. Бұл дін тарихы саласындағы зерттеулердің маңыздылығын арттыра түседі.

Сонымен бірге тарих ғылымында кенжелеп қалған «тұлға тану» бағытында зерттеулер жүргізу үшін де ислам руханиятын таратушы тұлғаларды зерделеу-зерттеу ғылыми танымдық тұрғыдан әрі қоғамдық практика тұрғысынан аса маңызды. Дәстүрлі исламдағы діни көшбасшы тұлғасының рөлін, орнын, қызметін, жалпы ел ішінде үлгі болу қажеттігін насихаттау өскелең жас ұрпақ үшін маңызды саналады. Қазіргі таңда кейбір адамдар қоғамдағы түрлі «имам», «шейх», т.б. жалған діни атақтармен белгілі болып, ел ішінде экстремистік бағытта келеңсіз жайттарды туындатып отырғаны аян. Осы орайда жас ұрпақ діни ұстаздарын дәстүрлі исламдағы құндылықтарды бойына сіңірген өз халқының, ата-бабаларының арасынан іздеп, үлгі тұтып, ата дәстүрінен алыстамағаны абзал.

XIX-XX ғ. межесіндегі Қазақстандағы ислам дінінің жағдайы сол дәуірдің өзінде-ақ зертеу нысанына айналған болатын. Алайда, негізінен империя шенеуніктері тарапынан жүргізілген бұл зерттеулердің ғылыми құндылығы төмен, мәселені империя мүддесі тұрғысынан үстірт, біржақты қарастырған. Сонымен бірге, діни тұлғалардың қызметімен қазақтан шыққан алғашқы ағартушы ғалымдар да айналысқаны белгілі. Мысалы, ағартушы және этнограф Мұхамед-Салық Бабажанов өз еңбектерінде қазақ даласындағы исламның нығайып отырғанын көрсетіп, өз дәуіріндегі мектеп-

медреселердің рөлін жоғары бағалаған (Бабажанов, 1993: 80). Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде орыс өкіметінің қазақтарға қатысты діни саясатын, ескі әдістегі мұсылмандық мектептерді, татар молдаларының қызметін сынға алды. Ол қазақтардың еуропалық өркениетке жетуіне татар ағартушылығынан қазақтардың ой мен сезімінің дамуына кедергі болатын өлі схоластикадан басқа ештеңе күтуге болмайтындығын көрсетті (Уәлиханов, 2010: 83-113). Қазақтардың сауаттылығын арттыруда жаңа үлгідегі ағартушылықтың қажеттігін түсінген Ыбырай Алтынсарин да мұсылмандық мектептердегі ескі дәстүршіл жүйенің артта қалуын сынға алды. Ол зайырлы білім алуы қолдады және діни пәндерге жаңа дүнияуи пәндерді қосып оқыту мұсылмандардың сауаттылығын арттырады деген көзқарасты ұстанды (Алтынсарин, 1879). Біз зерттеп отырған тақырыпқа белгілі қазақ тарихшысы және діни қайраткер Құрбанғали Халиди өзінің үлкен үлесін қосты. Оның көзқарасы бойынша, XIX ғасырда татарлар мен башқұрттардың қазақ жеріне қоныс аударуы қазақ даласында исламның күшеюіне алып келе отырып, Ресей билігі діни конфессионалдық саясатының әлі де толық болжаммен жоспарламаған асығыстық қадамдарының салдарынан деген тұжырымға келген (Khalidi, 2005: 18-19). Жалпы алғанда, қазақ ағартушылары өздері өмір сүріп отырған дәуірдегі исламның жағдайына, діни тұлғалардың қызметіне объективті түрде баға беруге тырысты, алайда, олардың еңбектерінен де Ресейдің империялық саясатының ықпалын байқауға болады.

Империя шенеуніктері еңбектерінде қалыптасқан біржақты, үстірт көзқарастар, сонымен бірге, батыс тарихнамасына да өз ықпалын тигізіп, ұзақ уақыт бойы үстем болып келді. Сонымен бірге, батыс тарихнамасында бұл мәселені объективті зерттеуге ұмтылушылықтардың да болғанын жоққа шығара алмаймыз. Батыстың бірқатар белгілі зерттеушілері мұсылмандарға қатысты Ресей империясы саясатын талдай отырып, үкімет билігін мұсылмандарға қысым көрсетуші және қанаушы ретінде сипаттаған. Осы бағытта жазылған еңбектердің қатарында А. Беннигсен мен Ш.Лемерсье Келькеженің (Bennigsen, Lemerrier-Quelquejay, 1964), А.Дж. Франктың (Frank, 1998), С. Дудуаньонның (Dudoignon, 2001.), Е. Кэмпбеллдің (Campbell, 2015.), Пол Верттың (Werth, 2002), Р.Д. Грейвстың (Greaves, 2006), Ч.Р. Стейнведельдің (Steinwedel, 2007) еңбектерін атап өтуге болады. Бұл мәселені

зерттеуге, сондай-ақ Жапонияның Орталық Азияны зерттеу қоғамының президенті Томохико Уяма өз үлесін қосты. Ол құнды деректерді пайдалана отырып, жапон, ағылшын және орыс тілдерінде жарияланған еңбектерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының патша самодержавиесіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісіндегі исламның рөлін анықтауға тырысты (Уяма, 2012).

Мәселенің отандық тарихнамасына келетін болсақ, дәстүрлі ислам өкілдері – молда-ишан, хазірет, ахун, қалпе және т.б. туралы еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана кеңінен зерттеле бастады. Ә. Дербісәлі, Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім сынды отандық жетекші исламтанушылар, шығыстанушылар мен философтар өз еңбектерімен діни тұлғаларды, ғұлама-теологтарды зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін салды. Тақырыптың әр түрлі аспектілерін зерттеген отандық ғалымдардың қатарында С.Қ. Жақыпбектің, Н.Д. Нұртазинаның, Г.С. Сұлтанғалиеваның, С.К. Рүстемовтың, А.М. Нұрғалиеваның, Сәбит Салқынұлының, Г.М. Раздыкованың, Б.С. Боранбаеваның т.б. еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады.

Сонымен көріп отырғанымыздай, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясы қоластында отырған халықтар тарихындағы ислам діни тақырыбының әр түрлі аспектілері тарихнамада айтарлықтай зерттелген, алайда біздің мақаламызда зерттеу нысанына алынып отырған мәселе, яғни аталмыш дәуірдегі Қазақстандағы дәстүрлі діни тұлғалардың рухани қызметі, олардың халықтың рухани тәрбиесіндегі орны, отаршылдық жағдайында ұлтымыздың салт-санасының сақталып қалуына сіңірген еңбегі ғылыми негізде кешенді түрде әлі де зерттеле қойған жоқ. Бұл бағытта зерттеулер енді ғана қолға алына бастады және тек кейбір жекелеген тұлғалар және жекелеген аймақтар бойынша, шектеулі түрде жүргізілуде. Әлі күнге дейін өзінің зерттеушісін таппаған, зерттеу нысанына айнала алмай жатқан діни тұлғалар жеткілікті. Біздің мақаламыздың өзектілігі де осы жағдаймен, яғни тақырыптың жеткілікті зерттелмеуімен байланысты.

### Материалдар мен әдістер

Осы мақалада бұрынғы тарихнамада көп бұрмалауға ұшыраған дін тарихы мәселесінде шынайылыққа жетуде мәселені жаңа зерттеу әдістемелері бойынша қорытындылап, заманауи

көзқарастармен қарауға мейлінше талпыныс жасалды. Кеңестік маркстік тарихнамада тарихтың өзі тұлғасыз, әлеуметтендірілген тарих ретінде алынды. Қазіргі жаңа әлеуметтік тарих әдістемесі «тарихтағы адам» мәселесін қойды. Біз зерттеу нысанына ааып отырған кезеңде қазақ халқы өз басынан мәдени және рухани гүлденген кезеңдерін де, құлдырау шағын да өткізіп, бірнеше саты арқылы дамып отырды. Осы негізде көрсеткен дамудың қайталанбалы эмпирикалық заңдылығы теориясын ұсынып, оның негізгі қозғаушы күштері ағарту саласының жаңашыл реформаторлары мен элита өкілдері, діни қайраткерлер деп анықталды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы исламның даму формаларын, дәстүрлі ислам тұлғалары қызметін анықтау үшін пәнаралық әдіс және «аймақтық ислам» теориясы пайдаланылды. Бұл арқылы әр аймақтағы дәстүрлі мәдениеттің түрлілігін, ерекшелігін байқаймыз әрі исламнің жергілікті формалары теңқұқылы деген ой-тұжырым негізге алынады. Сондықтан зерттеу барысында жаңа методологиялық тұжырымдама ретінде С.М. Прозоров (Прозоров, 2016), С.Н. Абашин (Абашин, 2008), Девин Де Уис пен Джо-Энн Гросс (DeWeese, Gross, 2018), А.К. Муминов (Муминов, 2015) сынды қазіргі заманғы исламтанушылар ұсынып, негіздеген «аймақтық ислам» теориясы басшылыққа алынды. Зерттеушілердің пайымы бойынша бұрынғы кеңестік дәуірде қалыптасқан «әлсіз ислам», діни синкретизм концептінің орнына сопылық пен басқа ғұрыптарды ислами өркениеттің құбылысы ретінде қарау арқылы Орталық Азия, Еділ өңірі, Кавказ халықтарының мұсылмандық дәстүрі кең ауқымда қаралып, олардың аймақтық ислам орталықтарына жататыны негізделді.

Осы тұжырымдамаға сәйкес және жеке зерттеулер нәтижелерін негізге ала отырып XIX–XX ғ. бас кезіндегі қазақ қоғамының ұжымдық діни өркениеттік бірегейлігі мұсылмандық сипатта болғандығы жайлы тезисті қолданып заңды қорытындыларға қол жеткіздік. Бұл пікірталастың мәніне келсек, ұзақ уақыт академиялық әдебиетте қазақ көшпелілерінің ислам дініне немқұрайлығы, «үстірт ислам» және олардың мәдениетінде шаманизм іздерінің ықпалы болғаны жайлы пікір үстемдігі себебінен қазақ халқының діни идентификация (бірегейлену) проблемасы күрделі және қайшылықты мәселеге айналғаны белгілі. Әйткенмен соңғы онжылдықтар ішінде қазақ халқының мұсылмандық бірегейлігі туралы жаңа

көзқарасты жақтайтындар саны едәуір артты. Кеңестік тарихнаманың таптаурын пікірлеріне, мәселен, исламды тек отырықшы халықтармен байланыстыру, суфизмді исламға жат құбылыс деп қарайтын ескі дағдылар жатады. Алайда, тарихи ақпарат көздерінің баламалық дереккөздері болып табылатын қазақ этнографиясымен және дәстүрлі ауызша тарих материалдарына арқа сүйесек біз жаңа замандағы қазақ қоғамының мұсылмандық сипаты туралы пікірді негіздей аламыз [119].

Зерттеуде Қазақстанның ислам өркениеті және дін тарихына іргелі еңбектерімен зор үлес қосқан профессор Әбсаттар Дербісәлінің қазақ руханиятына қатысты ой-тұжырымдары негізге алынды. Мәселен, бұл тарихта, түркі-мұсылман әлемінде имам, ғұлама тұлғасының қаншалықты қадірлі болғанын негіздейтін құнды пікірлер. Шын мәнінде кейінгі дәуірлерде Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ағартушылық қызметпен айналысқан имам, хазірет, мүфти, ахун, ишандарды классик-ғұламалар – Қожа Ахмет Ясауи, Әбу Насыр әл Фарабилердің тарихи мұрагерлеріне жатқызуға болады. Сол сияқты Ә. Дербісәлі мұрасында мешіттер мен медреселерді руханият субъектілерінің қызметімен тығыз байланыстырып қарастыру әдісін қолданылды (Дербісәлі, 2008).

Зерттеудің методологиялық негіздерін тарихилық, объективтілік, жүйелілік, пәнаралық синтез, антропологиялық сияқты ғылыми таным принциптері құрайды. Тарихи құбылыстар, оқиғалар диалектикалық тұрғыдан қарастырылып, ғылыми зерттеудің анализ және синтез, индукция және дедукция, жалпы логикалық және сияқты әдістері, сонымен бірге деректерді ғылыми тұрғыдан сараптауда тарихи-салыстырмалылық әдісі, салыстырмалы талдау, типологияция, диахрондық тарихи салыстыру тәсілдері қолданылды

### Нәтижелер мен талқылаулар

**Мешіт, медресе мен мазарлар – діни тұлғалар қызметі нысандары.** Қазақстанда мұсылмандардың құлшылық етудегі рухани ошақтарына айналған ислам мәдениетінің ғимараттары – мешіттердің орны зор. Себебі, XIX ғасырда салынған мешіт-кесенелер, жерүсті және жерасты мешіттері, үңгірлердегі мешіттер, ханака т.б. ғимараттардың салынуы ислам дінінің кең етек жайылғанын аңғартады. Қазақ даласындағы исламның таралуы мен мешіт-медреселердің көп салынуы, сонымен

қатар ахун, ишан, хазірет, молда және т.б. діни қайраткерлердің өмірі мен қызметтеріне баса назар аудартады. Бұхарада, Хиуада, Уфада, Орынборда, Қазанда, Ыстамбұлда т.б. мұсылман елдерінде білім алған діни қайраткерлер отанына оралған соң мешіт-медресе салып, бала оқытуға қызығушылық танытқан. Сол себептен салынған әр мешіттің тарихы діни тұлғалар есімімен байланысты.

Ішкі Орданы Бөкей хан (1801-1815 ж.), кейін Шығай сұлтан (1815-1823 ж.) билеген уақытта небары 15-ке жуық молда болған екен. Жәңгір ханның билікке келгеннен кейін қолға алған ісінің бірі – сауатты татар молдаларын шақыртып, ауылдардан адамдарды жинап, оқытып, жергілікті халықтан шыққан молдалардың санын көбейтті. «Жәңгір таққа отырғанға дейін кейбір сұлтандар мен қожалардан басқалары діни наным-сенімдері төмен мұсылмандар болатын», – деп жазылыпты «Оренбургский листок» газетінде. Дінді бірден мойындату оңайға түспеген, сондықтан хан 1835 жылы өз жобасымен мешіт салдырады. Алғашқы кездері оның өзі имамның қызметін атқарып намаз оқыған, өзіне төрелік сұрай келген дауласушылардың екі тарапын да алдымен мешітке кіргізіп, діни рәсімдер өткізген (Зиманов, 1982: 109-110). Жәңгір ел билеген тұста мешіттер көптеп салына бастады. В.А. Перовский Ресей Мүлік министрі П.Д. Киселевке жолдаған хатында: «Хан Жәңгірдің Бөкей Ордасын басқаруы Ресейге пайдасына қарағанда зиянын көп тигізді. Соның бірі – Ордада мұсылман дінін таратуы. Орданы хан Жәңгір басқармағанда мұсылман дінін бойларына сіңірмеген қара халықтың христиан дінін қабылдауы оңай болар еді», – деп жазған болатын (ҚР ОММ: 36-64-пп.). Бұл жағдай өлкеде мешіттер салуға тыйым салу, молдаларды тағайындау ісін реттеу және өлкеге татар-башқұрт, әсіресе Орта Азиялық молдалардың келуіне тыйым салу, олардың қатты қудалануына қатысты әкімшілік шараларды алып келді. Сонымен қатар: рұқсат қағазы жоқ адамдардың Ордаға келіп орнығуын қатаң бақылауға алу, оларды өлкеден қуу, Ресейдің боданы емес азиаттарды Ордаға мүлдем кіргізбеу тапсырылды (Әбенова, 2006: 155-156). Ереженің қазақтардың рухани істерін басқару жөніндегі № 251-261 баптары мұсылман дінінің таралуына шек қоятын шараларды заңды түрде бекітті. Ереже, сондай-ақ, молдаларды облыстық басқарманың ұсынуымен әскери губернатордың тағайындайтынын белгілеп берді. Мешіттердің тек генерал-губернатордың рұқсатымен салынатыны, ал олардың жанындағы мұсылман

мектептерінде жергілікті халық тек үйезд бастығының рұқсатымен ғана оқылатыны көрсетілді. Мешіттер, молдалар және аталған мектептер тек жергілікті қазақ қоғамдарының есебінен жұмыс істей алатындығы нақты қадағаланды (Әбеннова, 2006: 156).

Міне осындай кедергілерге қарамастан XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанның батыс өңірінде мешіттер саны көбейген, соған сәйкес молдалар саны ұлғайған. Мәселен, 1841 жылы Ішкі Ордада 15 мешіт болса, ал XIX ғасырдың 60 жылдарына қарай оның Қамысты-Самар округінде – 16, Қалмақ бөлімінде – 13, Торғын бөлімінде – 8 мешіт болған. Ал XIX ғасырдың аяғында Торғай облысының Ақтөбе үйезінде – 70 мешіт, Қостанай үйезінде – 14 және 31 ғибадат үйі болған. Соның ішінде 12 болыстық молда, 263 жеке молдалар болған. Ал 1909 жылы Ақтөбе үйезінде 5 жаңа мешіт жұмысын бастаса, 1910 жылы 4 мешіт, 1911 жылы тағы 3 мешіт қосылған. Әр мешітке бір молдадан келді, негізінен молдалардың барлығы қазақ болған. 1890 жылы Орынбор губерниясының Торғай облысындағы қазақ емес молдалардың саны берілген, олардың құрамында татар мен башқұрт молдаларынан барлығы 5 болған (Султанғалиева, 2001: 139-140). 1850-1852 жылдары Ішкі Бөкей Ордасында 128 мешіт болса, олармен бірге бір ахун және 130-ға дейін молдалар болғаны белгілі (ООММ, 37-п.), 1873 жылы 144 мешітке көбейген (ООММ, 220-п.).

1902 жылғы Орал аймағындағы исламның жағдайы туралы Орынбор мұрағатында былай сипатталған: «Ислам бұл облыста жүйелі түрде ұйымдастырылды деуге болады: мешіттер, ресми молдалар, хазіреттер және мұсылман ұстаздары және намаз оқушылар деп аталу құқығын артықшылықпен пайдаланатындар саны әбден жеткілікті, соңғылары Ыстамбул немесе Карғалы посадасында оқып шыққандар, ресми түрде ашылған немесе жеке меншік медресесі, не мектебі жоқ ауылдар кем де кем, мұсылманша сауаты жоқ, араб тілінде оқи алмайтын және исламның пайдасына екі ауыз сөз айта алмайтын қазақтарды (қырғызды) сирек кездестіресіз» (ООММ, 108-110-пп.) XIX ғасырдың аяғынан бастап Қазақ даласында мешіт те, діни тұлғалар да көбейді. 1870 жылы 4 сәуірде № 1518 Илецк үйезінің басшысы болыстарды аралаған кезінде әр қазақтың өздеріне сыйынатын мешіт салуға рұқсат сұрағандығын Торғай облысының губернаторына жазған рапорттыңда көрсеткен.

Көшпелі қазақ қоғамында діннің екі ықпалы болған. Оларға оңтүстік аймақтағы сопылық

бағыт ықпал жасаса, ал солтүстік-батыста татарлардан келген ханафилік бағыт ықпал еткен. Маңғыстауда, Үстірттегі жалпы Қазақстанның батыс өңірінде салынған күмбезі мен терезесі бар мешіттердің бой көтеруі сол татар халқының әсер еткен мәдениеті. Яғни қазақтардың тең жартысы татарлардың ықпалы мен ханафи-мазхабы бағытына қарай бет алса, ал қалған жартысы оңтүстік өңірі сопылықты ұстанды. Татар мешіттерінің құрылысына қарап батыста күн сәулесі түсіп іші жарық болып тұратын күмбезді, терезелі мешіттерді көп кездестіреміз. Ал сопылық таралған оңтүстікте терезесі жоқ мешіттер көп, олар қараңғы жерде зікір салуға ыңғайлы болған. Сондықтан бұларды зікір салатын мешіттер дейді. Осыдан келіп терезесі мен күмбезі бар мешіттермен зікір салатын мешіттер арасында бос кеңістік қалып, моламен мешіттердің бірігуінен ханака мешіттері пайда болады. Бұларға мәселен Меңдікөл-1, Меңдікөл-2, Гаппар моласы жатады (Информатор мәліметі I).

Қазан шеберлерінің Солтүстік және Батыс, Орталық Қазақстанға мешіттерді салуға қолайлы деп ұсынған жобалары, біз қарастырып отырған өлкеде түрі, көлемі біркелкі, шағын, қарапайым, бірақ өте мықты қалыпта екендігін байқауға болады. Бір ерекшелігі, батыс өңіріндегі мешіттерде күмбез орнатылмай, мұнараның төбесі бір не екі сүйір шатырлы етіп салу дәстүрі орныққан. Ғабдул-Рахиб Тұлбаев атындағы Орал қаласындағы Қызыл мешіт осындай татар сәулет өнерімен салынған мешіттердің бірі. Екі қабатты, қабырғалары қызыл кірпіштен қаланған. Мешіт жанында екі қабатты үлкен медресе ғимараттары да болған. Ал мешітпен қатар салынған екі қабатты ескі медресе Кеңес үкіметі тұсында жатақхана болып, кейінірек жекешеленіп, тұрғын үйге айналған. Бұл мешітте екі имам қызмет атқарған, бірі қазандық Мутыгулла Тухватуллин. Екіншісі Ғабдул-Рахиб Тұлбаев (Информатор мәліметі II).

Ұлы Қобда, Елек өзендері алқаптарында да (Томпақ мешіті) және Ақтөбе-Орал тас жолының оң жағында XX ғасыр басына жататын Шакенишан (Шаймерден) мешіті орналасқан. Сонымен қатар Елек алқабындағы Жоламанның, Ердебай хазіреттің, Атыолла хазіреттің, Қарабұтақ ауылындағы Нұрпеке мен Нәзірғали ишандардың мешіттері мен олардың қалдықтары белгілі. Әр ауылының жанындағы мешіт пен мектеп-медресе кешені аса қызықты, ол тікбұрышты жобадағы екі тас ғимараттан тұрады (Информатор мәліметі III). Доңызтаудағы Тасқабакта Жұмағазы

ишанның шикі кірпіштен салдырған мешітінің михрабының ерекшелігі – ішкі ойығының төбесі тұйықталып, кесектерді қырынан қалау арқылы шығарылған. Михрабтың бұл түрінде исламдық және қазақтың дәстүрлі құрылыс өнерінің мәнері астасып жатыр (Информатор мәліметі IV).

Қазақ жерінің батыс өңірінде XIX–XX ғасырдың бас кезінде діни ағартушылар ашқан мешіт, медреселер Кеңестік үкіметтің орнауы әсерінен қудалауға ұшырып, өздерінің қызметін біржола тоқтатуға мәжбүр болған. Жалпы алғанда, мешіттер өз жұмысын 1930-шы жылдарға дейін жүргізіп келген. Тоталитарлық Кеңес өкіметінің күшеюімен, атеизм саясатының толық үстемдікке жетуімен мешіттердің тағдыры күрт өзгеріп және жабылуға мәжбүр болған. Діни тұлғалар қуғындалып, репрессияға ұшырады, біразы атылды және репрессияланды. Тірі қалғандары Иран, Ресей, Түркменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ауғанстан және т.б. елдерге еріксіз кетуге мәжбүр болды.

**Халық жадындағы әйгілі молда, ишан, хазіреттер бейнесі.** Дәстүрлі исламның діни тұлғалары туралы мәліметтер толық сақталып жетпесе де, ел аузында қалған әңгімелер және олар салған мешіттердің орны бізге құнды мәліметтер береді. Тарихи деректерге сүйенсек, олар ел арасында ишан, қалпе, ахун, хазірет, молда, имам деген діни атақ алып қана қоймай, ислам орталықтарындағы медреселерден білім алып, елге келіп мешіттер мен бала оқытатын медреселер салдыруымен белгілі болған. Сол діни тұлғалар салдырған мешіт жанындағы мектеп-медреседен тәлім алған шәкірттер кейін белгілі тұлғаларға айналған. Діни ағартушылардың тәрбиесі мен тектілігінің нәтижесінде қазақтың төл тарихы мен мәдениеті рухы үзілмей бүгінгі күнге дейін жалғасын тапты.

Осындай діни қайраткерлердің бірі Жамбыл облысы Талас өңірінде халықтың рухани тәрбиесімен айналысқан, жергілікті халық арасында Аппақ ишан деген атпен белгілі болған Сейдәшім ишан. Сейдәшім ишанның діни қызметі туралы ұрпақтары соңғы уақытқа дейін нақты мәліметтер таппай келген болатын. 2019 жылы Тараз қаласында тұратын 92 жастағы Жаңабайұлы Баттал есімді қария Сейдәшім ишанның өмірінен бір үзік деректі ауызша сұхбат кезінде жеткізген еді (Информатор мәліметі VI). Баттал қарияның айтуынша, әкесі Жаңабай балалық шағынан сопылыққа ден қояды. Оның сопылықта өз ұстазын тауып, сол жолға біржолата түсуіне, өңірге XX ғасырдың басында Арқадан көшіп келген кіші жүз, тама

руынан шыққан Құлжан молданың септігі тиген. Құлжан молда Бұхарада оқыған, ислам орталықтары – Бағдат, Шам, Мысыр жерлерінде діни білімін ұштаған өте сауатты молда болса керек. Жаңабай мен Құлжан молда арасында рухани достық орнап, молда Жаңабайға сопылық жолда ұстазсыз болмайтындығын түсіндіріп, оған сол кезде ишандар көп шоғырланған Ташкенттен өзіне пір тапқаны дұрыс екенін айтып, бағыт береді. Жаңабай алғаш, 9-10 жастар шамасында, елден Ташкентке мал айдап шыққан кіреге (малын сатып, Ташкенттен басқа тауарлар сатып алуға барушыларды осылай атаған) ілесіп жолға шығады. Алайда, бұл сапарда оның жолы бола қоймайды, кіре саудамен Ташкентте болған 3-4 күн ішінде ол өзіне пір тауып үлгермейді. Кейінірек Құлжан молда Жаңабайға бүкіл түркі дүниесінде «пірлердің пірі» атанған Арыстанбабтың басына барып, сол аймақта Аппақ ишан деген атпен белгілі Сейдәшім ишанға қол беруі жөнінде кеңес береді. Көп ұзамай, дәлірек айтқанда 20-шы жылдардың басында Жаңабай Арыстанбаб басына барып, сол жерден Сейдәшім ишанды іздеп тауып, оған пірі ретінде қол береді (сопылық бағытта рухани ілім, міндетті түрде, ұстаз бен шәкірт, яғни мүршит пен мүрит арасындағы тікелей байланыс арқылы беріледі, сопылық жолға түскісі келген адам өзіне ұстаз тауып, өзінің рухани тәрбиесін сол ұстазға тапсыруы тиіс – бұл сопылықта «пірге қол беру» деп аталады – Е.Қ.). Жаңабай, ұстазына Талас жеріне көшіп барып, сол жердің халқының рухани тәрбиесімен айналысуы туралы ұсыныс жасайды. Осы орайда, қазақ тарихында қожаларды, рухани ұстаз ретінде еліне көшіріп алу фактілері бұған дейін де орын алғандығы еске түседі, бұл құбылыс жөнінде жазушы Қ. Жұмаділдің «Прометей алауы» атты шығармасында жақсы суреттелген. Түркістан жерінен Қазақстанның шығысына, Семей өңіріне қоныс аударған қожалардың рухани миссиясының нәтижелі болғандығының айғағы – Абай, Шәкәрім сынды ұлы тұлғалардың қазақ руханиятындағы алатын орны – қожалардың қазақ халқының рухани дамуындағы қомақты үлесінің бұлтартпас айғағы.

Сонымен, шәкіртінің қолқа салуымен Талас жеріне көшіп келген Сейдашім ишан, өзінің рухани қызметін Жаңабайдың ауылы – Көшек жерінде мешіт салғызудан бастайды. Сейдәшім ишан ел арасында өте сыйлы, қадірлі болды, – деп жалғастырады Баттал қария әңгімесін. Ол отбасын құрып, бірнеше бала (4 ұл, 2 қыз) сүйеді. Бірінші жары, жергілікті Ысты руынан тарай-

тын ойық, қызылқұрттың қызы, екінші жары сол ойықтың көкшекөз руының қызы болды. Оның отбасылық өмірінің осы фактілеріне қарап, қожалар өздерін ақсүйекпіз деп, қазақ руларымен қыз алыспаған, өздерінің тегін таза сақтауға тырысқан деген пікірдің біржақты, үстірт пікір екендігіне көз жеткіземіз (мүмкін, бұл қасиет, яғни өзін халықтан бөліп, жоғары ұстамау, нәпсісін ауыздықтауда үлкен деңгейлерге жеткен шынайы сопыларға ғана тән болған шығар-Е.Қ.). Кейінірек, дәлірек айтқанда, 1933 жылы Жаңабай сопы, пірі – Сейдәшім ишанмен бірге Талас ауданының Қызыл-әуіт деген ауылына көшіп барып, сол жерде халықты рухани тәрбиелеу қызметін ары қарай жалғастырады. Жергілікті халық арасында үлкен беделге ие болған ишан 1939 жылы дүниеден өтеді (туған жылы 1870 жыл шамасы). Сол Қызыл-әуіт ауылында Сейдәшім ишанның құрметіне халық ескерткіш-тақта қойған, оған «Бұл жерде ел арасында Аппақ-ишан деген атпен белгілі болған, Жаңабай сопының пірі Сейдәшім ишан жатыр» деп жазылған. Сейдәшім ишанның Қызыл-әуіттің дәл қай жерінде жатқандығы былтырғы жылға дейін белгісіз болып келген еді. Былтырғы жылы, тағы да сол Баттал қарияның көмегімен ишанның жатқан жері дәл анықталды. Баттал ақсақалдың айтуынша, әкесі – Жаңабай сопы өмірден өтер алдында, ұлдарына, денесін пірі – Сейдәшім ишанның аяқ жағына қоюын өсиет етіп қалдырған екен. Қарияның айтуынша, Жаңабай сопының ұлдары әкелерінің 100 жылдығына орай, басына қызыл кірпіштен биік кесене тұрғызыпты. Дәл осы жақсы сақталып қалған кесене арқылы былтырғы жылы жатқан жері дәл белгілі болған Сейдәшім ишанның басына ұрпақтары көктастан ескерткіш орнатып, бүкіл Қызыл-әуіт, Талас жұртын жинап үлкен ас берді.

Ел аузында Сейдәшім ишан жайында көптеген аңыз-әңгімелер қалған. Соның бірінде, Талас жерінде егістікке су жетпей жатқан кезде ишан өзінің кереметімен суды кері ағызып, егістікке су жеткізгендігі туралы айтылады. Сондай-ақ ишанның басында ұзақ уақыт бойы үнемі белгісіз бір шам өшпей, жанып тұрғандығы жөнінде де аңыз-әңгімелер айтылады (Информатор мәліметі VII).

Осындай діни тұлғалардың тарихын, әсіресе Қазақстанның батыс өңірі бойынша көбірек қарастыруға деректер мүмкіндік береді. Батыс Қазақстан өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген «Дәдем ата» деген атпен әйгілі Жұмағазы хазірет Тәңкеұлын дін ғұламасы ретінде ерекше

атауға болады. Деректерде хазірет қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданына қарасты Жалпақтал ауылының маңында өмірге келген. Жұмағазы хазірет кезінде Түркістан шаһарында білім алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде имамдық қызмет атқарған. Содан кейін туған жеріне оралып, мешіт және медресе ашып, елге рухани білім таратқан. Жұмағазы хазірет төрт рет қажылыққа барған. Ел аузында Жұмағазы хазірет туралы көптеген аңыз-әфсана тараған. Оның ұрпағы Ғарифолла Жанбузовтың айтуы бойынша бойындағы қасиеті бала күнінде байқалған. Ғ. Жанбузов хазіреттің бойындағы ерекше қасиетін сипаттаған ел арасында тараған мына бір әңгімені жеткізеді: «Жұмағазы хазіреттің ерте күзде жаңа қатқан Аңқаты өзенінің үстінен тарантас арбамен өтіп кеткендігі сөз болады. Сонда қабыршақ мұз арбаны қауырсын құрлы көрмей көтерген, ал арба соңынан ерген күшік ит малтығып, суға бата берген екен». Бірде Ақберлі руынан шыққан барымташы, сотқар жігіттер тастай қараңғы әрі тұманды түнді пайдаланып қарияның жылқысын айдап кетпек болады. Жылқыны түн ауа дүркірете қуып ала жөнелген жігіттер таң ағарғанша тоқтамапты. Таң қылаң бере алдынан аттылы Ата күтіп алғанда жігіттер жанжағына қараса, түні бойы Тамасайды айнала жүре берген екен. Атаның күдіретіне әбден көзі жеткен тентектер аяғына жығылып кешірім сұрапты. Содан кейін әулиенің жылқысына ешкім жақындамайтын болыпты» (Информатор мәліметі VIII). Бүгінде «Дәдем ата» жеке қоры ресми тіркеліп, зиярат орнында мешіт, қонақ үй, намазхана салынған. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып қалып отырған бұл мәдени мұра – Самара-Шымкент күре жолының бойында, Орал қаласынан Жымпитыға қарай 80 шақырымдай жерде орналасқан. Әулиенің басына сегіз қырлы кесене тұрғызылып, зиратының маңы абаттандырылған. Зиярат етушілер атаның басына түнеп, өз дұға-тілектерінің орындалуын, түрлі дерттен сауығуын тілейтіндер де аз емес. Мұнда Қазақстан қалалары ғана емес, өзге елдерден де ат арытып, келіп жатады. Құрбан айт сынды мейрамдар кезінде көпшілік шаралар да ұйымдастырылып жатады.

Бүкіл батыс өңіріне танымал тұлғалардың бірі – діндар, емші, әулие ишан Едіге Шымырұлы (1850-1926 ж.) Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының тумасы, тегі – Байұлына жататын алаша руынан. Жерленген жері Қалдығайты өзенінің Зират жағасындағы көне қорымда Едіге жас кезінде ауыл молда-



сында мұсылманша оқып, арабша қара таныпты, ерекше қабілетті болған. Жымпиты уалаятынан Бұхара медресесінде оқыған екі адам, оның біреуі – Жұмағазы хазірет болса, екіншісі – Едіге ишан болған (Информатор мәліметі IX). Ол сонда 8 жыл оқып Бұхара қаласында діни медресені үздік бағамен бітіріп, алтын жазумен жазылған – «шатрқат» дипломына ие болады. Едіге үлкен ғалым, ишан болған кісі, 7 елдің тілін меңгерген. Оқуын бітіріп, туған еліне оралған соң ауыл балаларын оқытқан. Мекке-Мәдинаға барған қажылығы да бар. Ислам дінін берік ұстанған ишан өз заманында бас молда ретінде Құран аяттарын оқуда озық болған. Тіпті көршілес мұсылман татар, башқұрт, қазақ арасында жоғары беделді иеленген. Бірде оны Самарқанд, Ташкент қаласындағы үлкен мешітке шәкірттерді оқытуға шақыртыпты. Едіге ишан Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовпен байланыста болған. Оның немересі Қайыраһманың әңгімелеуі бойынша Жымпиты өңірінде Жаһанша Досмұхамедовтың қатысуымен өткен бір жиынға әкесі Мұзафар ишанмен бірге барып қатысып, ел ішіндегі өзекті мәселелерге көңіл бөлген. Едіге ишанның басына барып, ауырған адамдар дұға жасап, түнеген екен. Едіге Шымырұлын халық әулие, ишан ретінде танып қана қоймай, тіпті емшілік пен көріпкелдік қасиетін әлі күнге дейін жоғары бағалайды (Информатор мәліметі X).

Ресей патшалығының, одан кейін Кеңес үкіметінің исламға жүргізген қарсы саясатына қарамастан өздігінен білім алып, жастарды сауаттылыққа баулып, халықты мәдениетке, отырықшылыққа шақырған тұлғалардың бірі – Маңғыстау өңірінде дүниеге келген, пір Бекеттің ізін жалғастырушы шәкірті Ержан (Ермұхаммед) Төлегенұлы (1887-1966 ж.). Ол Маңғыстау өңірінің Бозашы түбегіндегі Керел елдімекенінде дүниеге келген (Әріпұлы, Әріпов, 2010). Ержан хазірет атақты батыр, би Иса Тілембайұлы болыс болып тұрған кезінде хатшылық қызмет атқарған. Кейін Айдар ишан Бұхарадағы өзі білім алған Көкілташ медресесіне оқуын жалғастыруға Шайхы ахун, Оразмағанбет ахун, Ідіріс молда, Ержан хазірет және тағы бірнеше алғыр шәкірттерін жіберген. Ержан хазірет медресені 1924 жылы ұстаздық мамандығы бойынша үздік бітірген (Ержан, 2018: 10). Кейін Ыстамбул университетінде араб, парсы факультетін тәмамдайды. Елге келген соң Ержан хазірет Айдар ишанның мешітінде бала оқытып, ағартушылыққа ден қояды. Кейін өзі де Тұщықұдық жеріндегі Сорқұдықтан мешіт

салып, ауыл балаларына әліпби үйретіп, оларды қайырым мен мейірімге, обал мен сауапқа тәрбиелеген (Әріпұлы, Әріпов, 2010). Қазақ, орыс, араб, шағатай, өзбек, қарақалпақ, татар тілдерінде еркін сөйлеп, математика, тригонометрия және астрономия, жаратылыстану ғылымдарын меңгерген Ержан хазірет өз заманында шәкірттерге дүниәуи пәндерді оқытқан. Ержан хазірет 1932-1937 жылдары тұрғындар арасында Кеңес үкіметіне қарсы насихат жүргізгені, дін таратумен айналысқаны үшін бірнеше рет сотталады, соңғы соттың үкімімен Ресейдегі еңбекпен түзеу колониясына 10 жылға айдалады (Ержан, 2018: 10). 1956 жылы Ержан хазірет қамаудан келген соң да түрме тауқыметін жұқалап қана еске алатын. Хазіреттің жасы 79-дан 80-ге қараған шағында дүниеден озды, денесі ежелден елге белгілі Шақпақ ата қорымына жерленді. Ержан хазіреттің артында жас ұрпақты рухани бағытта тәрбиелеуге негізделген көптеген қолжазба, кітаптары қалды. 1997 жылы «Ержан хазірет» атындағы қоғамдық қор құрылған. Қазіргі таңда қордың төрағасы Бисенбек Нұржігітұлының бастауымен туындылары қазақшаға аударылып, зерттеу жалғасуда. Кейбір кітаптары қазақ тіліне аударылды, аударылмаған дүниелеріде бар, олар болашақта өзінің сәтті уақытын тауып аударылады деген сенімдеміз (Информатор мәліметі XI-XII). Ержан Төлегенұлы хазірет молда саналып, шәкірттер баулығаны үшін еш жазықсыз үш рет бас бостандығынан айырылғанмен де, дінге аса беріктігімен белгілі тұлға болған. Ержан хазірет осылайша Бекет атаның діни уағыздарын насихаттаушы, жастарды, халықты кісілікке, тазалыққа, адамгершілікке, бір Алланы медет етуге тәрбиелеудегі үлгісін жалғастырушы болды.

### Қорытынды

Сонымен Қазақстанның әр түрлі өңірлерінде өмір сүрген, өздерінің діндарлығымен, ағартушылығымен халықтың рухани өсіп өркендеуіне аянбай еңбек еткен тұлғалар көптеп саналады. Мақала көлемі мүмкіндік бермеуіне байланысты олардың тек кейбіріне ғана тоқталуға мәжбүр болдық. Зертеудің нәтижесі дәстүрлі ислам өкілдері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақ даласында рухани-ағарту саласына едәуір ықпал жасаған белсенді, қозғаушы күш болғанын көрсетеді. Діни қайраткерлердің молда, ишан, хазірет, ахун, мүдәріс, имам-хатиб, азаншы,

қалпе, т.б. категориялары шариғат пен сопылық-ишандық құндылықтарын таратты. Ресей патшалығының діни тұлғалар мен дінге қатысты жүргізген қайшылықты конфессионалдық саясатына қарамастан, дәстүрлі ханафи шариғаты өкілдерінің исламның сақталып, терең таралуына әсер еткенін деректер растайды. Бұл діни қайраткерлер тек мешіт-мектеп, медреселер салып қана қоймай, ислам діні негізінде қазақ балаларының сауатын ашып, білім нәрімен сусындатты, халықтың рухани тәрбиесімен айналысып, ұлттың болашағына қызмет еткен. Олар сондай-ақ халықтың шежіресін жинақтауға да өзіндік үлес қосты.

Діни тұлғалар үлкен қалалардағы медреселермен тығыз байланыс орнатты. Олар тіпті, Мекке-Мәдина, Мысыр, Ыстамбұл, Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Хиуа, Бұхара қалаларындағы рухани орталықтармен де байланыс жасап, қажетті кітаптарды алдыртып отырған. Ресей патшалығының, одан кейін

Кеңес үкіметінің исламға қарсы жүргізген саясатына қарамастан дәстүрлі ислам өкілдері діннің асыл қағидалары мен шариғатқа сүйене отырып, ұрпаққа, ұлтқа қазақтың болмысына тән рухани тәрбие беріп отырды. Қ.А. Яссауи негіздеп беріп кеткен дәстүрлі ислам жалғасын тауып, халқымыздың тарихтың әр түрлі бұралан бұрылыстарында рухы сақталып, ұлт ретінде жойылып кетпей, тәуелсіздікке жетуі осы діни қайраткерлеріміздің жанкешті еңбегінің арқасы десек артық айтпаймыз. XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейін өмір сүрген ишан, ахун, хазірет, молда, қалпе т.б. діни тұлғалар қазақтың дінінің ғана емес, тарихы мен жерінің, тілінің жоғалмауы үшін еңбек етті. Бүгінде осы тұлғалардың қорымдары, мешіттерінің орны киелі жерге айналуда. Сондықтан да халқымыздың тарихында көрнекті орынға ие болған аталмыш діни тұлғалардың бүгінгі күні де руханиатымыздан алатын орны ерекше.

#### Әдебиеттер

- Абашин С.Н., Арапов Д.Ю., Бекмаханова Н.Е. (2008). Центральная Азия в составе Российской империи. Москва: Новое литературное обозрение. 464 с.
- Алтынсарин И. (1879). Киргизская хрестоматия / Составил И. Алтынсарин. Оренбург: Типография И.И. Евфимовского-Мировицкого. Кн. 1. 112 с.
- Әбеннова Б.С. (2006). 1868 жылғы әкімшілік реформа және Орынбор өлкесі. Ақтөбе: А-Полиграфия. 375 б.
- Әріпұлы Б., Әріпов Д. (2010). Пір Бекеттің ізімен жүрген – Ержан хазірет. Ана тілі. 10 қыркүйек.
- Бабажанов С. (1993). Этнографиялық мақалалар. Алматы: Қазақстан. 80 б.
- Bennigsen A., Lemerrier-Quelquejay Ch. (1964). La presse et le mouvement national chez les Musulmans de Russie avant 1920. Paris: Mouton. 386 p.
- Crews Robert D. (2006). For Prophet and Tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. Cambridge, Massachusetts, London: Harvard University Press. 463 p.
- Дербісәлі Әбсаттар қажы. (2008). Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. Алматы: Атамұра. 488 б.
- DeWeese D., Gross J-A. (2018). Sufism in Central Asia: New Perspectives on Sufi Traditions, 15th–21st Centuries. Leiden and Boston: Brill Academic Pub. 340 p.
- Dudoignon Stephane A. (2001). Status, strategies and discourses of a Muslim “clergy” under a Christian law: polemics about the collection of the zakat in late Imperial Russia. Islam in politics in Russia and Central Asia, early 18-th – late 20-th centuries. ed. Stephane A. Dudoignon and Hisao Komatsu. London-New York: Routledge. P. 51-68.
- Ержан (Ермұхаммед) хазірет Төлегенұлы (2018). Өсиетнама (Ұрпаққа аманат). Алматы: Нұрлы Әлем. 168 б.
- Зиманов С. (1982). Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата: Наука. 400 с.
- Campbell E. (2015). The Muslim question and Russian imperial governance. Bloomington: Indiana univ. press. XI. 298 p.
- ҚР ОММ. 4-к., 1-т., 5546-іс, 36-64-пп.
- Qurban Ali Khalidi (2005). An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe (1770-1912) / ed., translation and commentary A. J. Frank, M. I. Usmanov. Brill-Leiden-Boston. 332 p.
- Муминов А.К. (2015). Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. Под ред. С.М. Прозорова. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 400 с.
- ОММ. 6-к., 10-т., 6353-іс, 37-п.
- ОММ. 6-к., 10-т., 362-іс, 220-п.
- ОММ. 175-к., 1-т., 25а-іс, 108-110-пп.
- Прозоров С.М. (2016). Ислам как идеологическая система. Том 2. Москва: Наука – Вост. литература. 365 с.
- Султанғалиева Г.С. (2001). Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов XVIII – начало XX вв. Уфа: Госкомнауки Республики Башкортостан. 262 с.
- Steinwedel Charles (2007). How Bashkiria became part of European Russia, 1762-1881. Jane Burbank, Mark von Hagen, and Anatolyi Remnev, eds. Russian Empire: Space, People, Power, 1700-1930. Bloomington: Indiana University Press. 560 p.

Frank Allen J. (1998). *Islamic historiography and «Bulghar» identity among the Tatars and Bashkirs of Russia*. Leiden-Boston-Koln: Brill. 232 p.

Frank Allen J. (2001). *Muslim Religion Institutions in Imperial Russia: The Islam World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910*. Leiden-Boston-Koln: Brill. P. 287-288.

Werth Paul W. (2002). *At the Margins of Orthodoxy: Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volgakama Region, 1827-1905*. Ithaca/London: Cornell University Press. 304 p.

Уәлиханов Шоқан (2010). Даладағы мұсылмандық туралы. Шоқаан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-басылым. Т. 4. Алматы: «Толағай групп». 76-81 бб.

Уяма Т. (2008). Была ли исламская альтернатива? Место ислама в национальном движении казахов начала XX века. *Shygys*. № 2. С. 143-148.

Uyama T. (2012). *The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy*. Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge. Pp. 271–287.

#### АҚПАР БЕРУШІЛЕР ТІЗІМІ

(авторлардың ел арасынан жинаған этнографиялық мәліметтері)

I. Рахым Ағыбайұлы Бекназаров. 1967 ж.т. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе ресми аймақтық университетінің проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

II. Мустафин Серік Қайратұлы. 1965 ж.т. БҚО, Орал қ., Тулбаев МухаммедГариф мешітінің наиб имамы.

III. Қабижанов Марат. 1941 ж.т. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., акын, ҚР Мәдениет саласының үздігі.

IV. Адаев Шәріп. 1950 ж.т., руы Табын-Қарақойлы. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, өлкетанушы.

VI. Жаңабайұлы Баттал. 1927 ж.т. Жамбыл облысы, Тараз қ., зейнеткер.

VII. Қартабаев Ғалым Тамабекұлы, 1963 ж.т. Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылы, аудандық мәслихат депутаты.

VIII. Жанбузов Ғарифолла Баймуратович. 1968 ж.т., руы тама. БҚО, Орал қаласы.

IX. Макаров Амантай. 1953 ж. т., руы сарыалаша, БҚО, Қаратөбе ауданы, Шөптікөл ауылы, зейнеткер.

X. Анесов Аманжан Амирханович. 1940 ж. т., руы сарыалаша, БҚО, Орал қаласы, Қаратөбе ауданы.

XI. Жумағалиева Гүлбаршын. 1949 ж.т., руы Әлім-Шекті, Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті.

XII. Себасов Марат Бакбергенович. 1981 ж.т., руы адай. Ақтау қ., өлкетанушы және дінтанушы.

#### References

Abashin S.N., Arapov D.Iy., Bekmahanova N.E. (2008). *Tsentrlnaia Azia v sostave Rossiiskoi imperii*.

[Central Asia within the Russian Empire.]. Moskva: Novoe literatyrnoe obozrenie. 464 p.

Altynsarın I. (1879). *Kırgızskaia hrestomatıa* [Altynsarın I. Kyrgyz Reader.]. Sostavil I. Altynsarın. Orenbúrg: Tıpografıa I.I. Evfimovskogo-Mırovıtskogo. Kn. 1. 112 p.

Abenova B. S. (2006). 1868 jilgi ákimşilik reforma jáne Orenbor ólkesi [Administrative reform of 1868 and the Orenburg region]. *Aktobe: a-polygraphy*. 375 p.

Aripuly B., Aripov D. (2010). *Pir Bekettiń izimen júrgen – Erjan xaziret* [Following in the footsteps of Pir Beket – Yerzhan hazret]. *Ana tili*. 10 qırkúyek.

Babajanov S. (1993). *Etnografıalyq maqalalar* [Ethnographic articles]. Almaty: Kazakhstan. 80 b.

Bennigsen A., Lemerrier-Quellejeay Ch. (1964). *La presse et le mouvement national ches les Musulmans de Russie avant 1920*. Paris: Mouton. 386 p.

Crews Robert D. (2006). *For Prophet and Tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia*. Cambridge, Massachusetts, London: Harvard University Press. 463 p.

Derbisáli Ábsattar qajy (2008). *Islamnyń jaýharlary men jádigerlikteri* [Masterpieces and relics of Islam]. Almaty: Atamura. 488 p.

DeWeese D., Gross J-A. (2018). *Sufism in Central Asia: New Perspectives on Sufi Traditions, 15th–21st Centuries*. Leiden and Boston: Brill Academic Pub. 340 p.

Dudoignon Stephane A. (2001). Status, strategies and discourses of a Muslim “clergy” under a Christian law: polemics about the collection of the zakat in late Imperial Russia. *Islam in politics in Russia and Central Asia, early 18-th – late 20-th centuries*. ed. Stephane A. Dudoignon and Hisao Komatsu. London-New York: Routledge. P. 51-68.

Erjan (Ermuhammed) haziret Tólegenuly (2018). *Ósietnama (Urpaqqa amanat)* [Will (deposit for posterity)]. Almaty: Nurly Alem. 168 p.

Zımanov S. (1982). *Rossıa ı Búkeevskoe hanstvo* [Russia and the Bukeev Khanate.]. Alma-Ata: Naýka. 400 s.

Campbell E. (2015). *The Muslim question and Russian imperial governance*. Bloomington: Indiana univ.press. XI. 298 p.

QR OMM [Central State Archive of Kazakhstan]. 4-q., 1-t., 5546-is, 36-64-pp.

Qurban Ali Khalidi (2005). *An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe (1770-1912)* / ed., translation and commentary A. J. Frank, M. I. Usmanov. Brill-Leiden-Boston. 332 p.

Muminov A.K. (2015). *Hanafitskii mazhab v istorii Tsentralnoi Azii* [Hanafi madhhab in the history of Central Asia] Pod red. S.M. Prozorova. Almaty: Qazaq entsiklopedıasy. 400 p.

OOMM [Uralsk regional state archive]. 6-қ., 10-т., 6353-іс, 37-п.  
 OOMM [Uralsk regional state archive] 6-қ., 10-т., 362-іс, 220-п.  
 OOMM [Uralsk regional state archive]. 175-қ., 1-т., 25а-іс, 108-110-pp.

Prozorov S.M. (2016). Islam kak ideologicheskaya sistema [Islam as an ideological system]. Tom 2. Moskva: Nayka–Vost. Literatúra. 365 p.

Sýltangalieva G.S. (2001). Zapadnyy Kazahstan v sisteme etnokýltúrnykh kontaktov XVIII – nachalo XX vv. [Western Kazakhstan in the system of ethnocultural contacts of the 18th – early 20th centuries]. Ýfa: Goskomnaýkы Respýblykы Bashkortostan. 262 p.

Steinwedel Charles (2007). How Bashkiria became part of European Russia, 1762-1881. Jane Burbank, Mark von Hagen, and Anatolyi Remnev, eds. Russian Empire: Space, People, Power, 1700-1930. Bloomington: Indiana University Press. 560 p. 196

Frank Allen J. (1998). Islamic historiography and «Bulghar» identity among the Tatars and Bashkirs of Russia. Leiden-Boston-Koln: Brill. 232 p.

Frank Allen J. (2001). Muslim Religion Institutions in Imperial Russia: The Islam World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Leiden-Boston-Koln: Brill. P. 287-288.

Werth Paul W. (2002). At the Margins of Orthodoxy: Mission, Governance and Confessional Politics in Russia's Volgkama Region, 1827-1905. Ithaca/London: Cornell University Press. 304 p.

Ýalıhanov Shoqan (2010). Daladaǵy musulmandyq túraly [Valikhanov Shokan. About Islam in the steppe]. Shoqan Ýalıhanov. Kóp tomдық shyǵarmalar jınaǵy. 2-basylym. T. 4. Almaty: “Tolaǵai grýpp”. 76-81 pp.

Yama T. (2008). Byla li islamskaya alternativa? Mesto islama v natsionalnom dvizhenii kazahov nachala XX veka [Was there an Islamic alternative? The place of Islam in the national movement of Kazakhs at the beginning of the twentieth century]. Shygys. № 2. P. 143-148.

Uyama T. (2012). The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy. Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge. P. 271–287.

#### LIST OF INFORMATORS

##### (ethnographic data collected by authors from around the country)

I Rahym Aǵybauly Beknazarov. 1967 j.t. Aqtóbe oblysy, Aqtóbe q., Q. Jubanov atyndaǵy Aqtóbe resmı aimaqtyq ýniversitetiniń prorektory, tarih ǵylymdarynyń doktory, profesor [Rakhim Agybayevich Beknazarov. Born 1967 Aktobe region, Aktobe, K. Vice-rector of Aktobe Official Regional University named after Zhubanov, Doctor of Historical Sciences, Professor]

II. Mýstafin Serik Qairatuly. 1965 j.t. BQO, Oral q., Tylbaev Mýhammedgarıf meshitiniń naib imamy [Mustafin Serik Kairatovich. Born 1965 Naib Imam of the Tulbayev Muhammad Garif Mosque, Uralsk, WKO]

III. Qabijanov Marat. 1941 j.t. Aqtóbe oblysy, Aqtóbe q., aqyn, QR Mädeniet salasynyń úzdigi [Kabizhanov Marat. Born in 1941 Aktobe region, Aktobe, poet, the best in the field of culture of the RK.]

IV. Adaev Shárip. 1950 j.t., rýy Tabyn-Qaraqotly. Aqtóbe oblysy, Baiganın aýdany, Qaraýylkeldi aýyly, ólketanýshy. [Adayev Sharip. Born in 1950, tribe Tabyn-Karakoily. Aktobe region, Baiganin district, Karaulkeldy village, local historian.]

VI. Jańabauuly Battal. 1927 j.t. Jambyl oblysy, Taraz q., zemetker. [Battal Zhanabayevich. Born 1927 Zhambyl region, Taraz, retired.]

VII. Qartabaev Galym Tamabekuly, 1963 j.t. Jambyl oblysy, Talas aýdany, Aqkól aýyly, aýdandyq máslihat depýtaty [Kartabayev Galym Tamabekovich, born in 1963 Zhambyl region, Talas district, Akkol village, deputy of the district maslikhat]

VIII. Janbýzovǵarıfollabaimýratovich. 1968 j.t., rýy tama. BQO, Oral qalasy. [Zhanbuzov Garifolla Baimuratovich. Born in 1968, clan tama. WKO, Uralsk.]

IX. Makarov Amantai. 1953 j. t., rýysaryalasha, BQO, Qaratóbeaýdany, Shóptikólaýyly, zemetker. [Makarov Amantai. 1953 t., ruysaryalasha, WKO, Karatobe district, Shuptikol village, pensioner.]

X. Anesov Amanjan Amirhanovich. 1940 j. t., rýysaryalasha, BQO, Oral qalasy, Qaratóbeaýdany. [Anesov Amanzhan Amirkhanovich. 1940 t., tribe Saryalasha, WKO, Uralsk, Karatobe district.]

XI. Jýmagaheva Gúlbarshyn. 1949 j.t., rýyalim-Shekty, Aqtóbeoblysy, Temiraýdany, Shubarqudyqkenti. [Zhumagalieva Gulbarshin. Born in 1949, tribe Alim-Shekty, Aktobe region, Temir district, Shubarkuduk village.]

XII. Sebasov Marat Baqbergenovich. 1981 j.t., rýyadaı. Aqtaý q., ólketanýshyjanedintanýshy. [Sebasov Marat Bakbergenovich. Born in 1981, tribe Adai. Aktau, local historian and theologian.]